



«Азаматтарға арналған үкімет»  
мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ  
мемлекеттік жер кадастры  
саласындағы сыбайлас жемқорлық  
пен алаяқтық тәуекелдеріне ішкі  
талдау жүргізу туралы  
**ҚЫСҚАША ТАЛДАМАЛЫҚ  
АНЫҚТАМА**

Астана қ. 2023 ж.



## 1. Кіріспе бөлімі

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) Басқармасының төрағасы С.Т. Әбділдиннің 2023 жылғы 13 маусымдағы № 276 н/қ бұйрығына сәйкес, 2024 жылғы 01-29 наурыз аралығы кезеңінде мемлекеттік жер кадастры саласындағы сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізілді.

## 2. Ақпараттық-талдамалық бөлім

Мемлекеттік корпорацияның ішкі нормативтік құжаттарында сәйкессіздіктер анықталған, сондай-ақ Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрын (бұдан әрі - БМЖМК) енгізуге байланысты, жаңа ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеп, бекіту қажет:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ жер кадастрын жүргізу саласындағы корпоративтік стандарты:

– жұмыс көлемдерін жұмыскерлер мен жер-кадастрлық жұмыстар бойынша келіп түскен өтінімдер арасында бөлу рәсімі регламенттелмеген. Сондай-ақ 2023 жылғы 01 шілдеден бастап «БМЖМК» АЖ-да жұмыс көлемдерін жұмыскерлер арасында автоматтандырылған және қолмен бөлу көзделген, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің митигациясына ықпал етпейді;

– жер кадастры желісі бойынша еңбекке ақы төлеудің кесімді-сыйақылы жүйесі (пайызбен көрсету) нормативтерінің негіздемесі, есептеулері және толық жазылуы жоқ.

2) Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері үшін жаңадан енгізілетін «БМЖМК» АЖ-да ішкі сипаттайтын және регламенттейтін бизнес-процестерді және қызметтер көрсетуді әзірлеу.

### **Мемлекеттік жер кадастры саласындағы сот практикасын талдау:**

2021-2022 жылдар кезеңінде Мемлекеттік корпорация 212 сот талқылауына қатысты, оның ішінде: талапкер ретінде - 3, жауапкер ретінде - 81, тең жауапкер ретінде - 113, үшінші тұлға ретінде - 15.

Жер кадастры мәселелері бойынша сот практикасы мынадай статистикамен ұсынылған:

– жылдар бойынша: 2021 ж. - 144 іс, 2022 ж. - 68 іс;  
– апелляциялық тәртіппен шағымданды - 66 (2021 ж. - 43, 2022 ж. - 23);  
– істер санаты бойынша: азаматтық сот ісін жүргізу - 129 (2021 ж. - 117, 2022 ж. - 12), әкімшілік сот ісін жүргізу - 83 (2021 ж. - 27, 2022 ж. - 56);

– Мемлекеттік корпорация жауапкер/тең жауапкер ретінде болған 194 істі қарау нәтижелері бойынша: қанағаттандырылғаны - 8; ішінара қанағаттандырылғаны - 7; бітімгершілік (медиативтік) келісім жасалғаны - 4; талап-арызды қанағаттандырудан бас тартылғаны - 71; талап-арыздың қайтарылғаны - 104;

– 3 іс бойынша Мемлекеттік корпорация талапкер болды: қанағаттандырылғаны –2; талап-арыздың қайтарылғаны - 1;

– Мемлекеттік корпорация үшінші тұлға ретінде әрекет еткен 15 сот бойынша: қанағаттандырылғаны - 1; ішінара қанағаттандырылғаны - 1; бітімгершілік



(медиативтік) келісім жасалғаны - 1; талап-арызды қанағаттандырудан бас тартылғаны - 7; талап-арыздың қайтарылғаны - 5.

2021 жылдың талданып отырған кезеңінде Мемлекеттік корпорацияға келіп түскен талап-арыздардың саны 144 құрады, оның ішінде қанағаттандырудан бас тартылғаны - 53, қайтарылғаны - 81, қанағаттандырылғаны/ішінара қанағаттандырылғаны - 8, бітімгершілік келісіммен аяқталғаны - 2.

2022 жылы Мемлекеттік корпорацияға 68 талап-арыз келіп түскен (бұл 2021 жылмен салыстырғанда 48%-ға аз), оның ішінде қанағаттандырудан бас тартылғаны - 25, қайтарылғаны - 29, қанағаттандырылғаны/ішінара қанағаттандырылғаны - 11, бітімгершілік келісіммен аяқталғаны - 3.

Талап-арыздардың негізгі бөлігі Мемлекеттік корпорацияға тең жауапкерге ретінде жіберілген (50%), бұл ретте талап қою талаптарында жер комиссиясының шешімдеріне дау айту, әкімнің өкімдерін, ЖАО қаулыларын, сатып алу-сату, жалға алу шарттарын және т.б. қоса алғанда, жер учаскелеріне құқық белгілейтін құжаттардың жарамдылығын/жарамсыздығын тану мәселелері айқындалған. ҚР Азаматтық поцестік кодексінің 50-бабымен талапкерге тиісті емес жауапкерді ауыстыру туралы өтінішхат мәлімдеу құқығы берілген. Талапкерге осы құқықты түсіндіру бойынша белсенді рөл сотқа берілген. Бұл ретте, соттың қорытындылары жауапкердің пікірлеріне негізделуі тиіс.

Талдау нәтижесінде жекелеген жағдайларда Мемлекеттік корпорацияның филиалдары сот шешімдеріне шағымдану бойынша шаралар қолданбайтыны анықталды, сол арқылы Мемлекеттік корпорация Мемлекеттік корпорацияның заңсыз шешімдер қабылдауында не заңсыз әрекеттер/әрекетсіздіктер жасауда талапкерлердің бұзылған құқықтары туралы сот қорытындыларымен келіседі. 15 жағдайда сот актісіне жоғары тұрған сатыда шағым жасалмады, оның ішінде: 4 - кассациялық тәртіппен, 11 - апелляциялық тәртіппен шағым жасалмады.

ҚР ӘРПК-нің 150-бабына сәйкес, жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралған әкімшілік іс бойынша шешім жазбаша іс жүргізу мәніне сәйкес келетін қағидалар ескеріле отырып қабылданады және оған апелляциялық және кассациялық тәртіптермен шағым жасалуы мүмкін.

Осылайша, сот органдарында оның мүдделерін білдіретін Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің және кінәсінен сот Мемлекеттік корпорацияның әрекеттерін (актілерін) заңсыз деп тану туралы шешім шығарған жұмыскерлердің әрекетсіздігін филиалдар басшылығы назардан тыс қалдырды.

Филиалдар директорлары тарапынан сот дауларын шешуге бақылаудың болмауы сот тәртібімен анықталған бұзушылықтардың материалдық және беделге нұқсан келтіруіне, сондай-ақ азаматтардың Мемлекеттік корпорацияның сапалы мемлекеттік қызметтерін алуға деген сенімін төмендетуіне әкеледі.

Осы және басқа да сот істері даулы мәселелерді сотқа дейінгі реттеу және Мемлекеттік корпорация тарапынан түсіндірме жұмыстары бойынша заң қызметтерінің жеткіліксіз жұмыс істегенін куәландырады, бұл тиісінше азаматтардың тікелей сот органдарына жүгінуіне әкеп соғады.



Жалпы, сот практикасын талдау нәтижелері бойынша Мемлекеттік корпорацияның мүдделерін қолдаудағы заң қызметтерінің жеткіліксіз белсенді жұмысын және сот істері барысына мүдделі еместігін атап өткен жөн.

**Мемлекеттік жер кадастры саласында Мемлекеттік корпорацияның ішкі аудиторлық тексерулерін жүргізу барысында анықталған фактілерді талдау:**

2022 жылы Орталық аппараттың Ішкі аудит қызметі 8 аудиторлық тексеру жүргізді, оның 6-ында мемлекеттік жер кадастры саласындағы бұзушылықтар анықталды. Бұзушылықтар арасында: жер кадастры бойынша жұмыс көлемдерін бөлуде Филиал басшылығының жекелеген жұмыскерге ниеттес қатынасы (Астана қ.); еңбекақы төлеу нормативтерін негізсіз белгілеу (Қарағанды облысы); жер кадастры бағыты бойынша көрсетілген қызметтер бойынша сметаларды қайта есептен шығару (Маңғыстау облысы); көрсетілген қызметтер құнын негізсіз асыра бағалау (Қарағанды облысы); көрсетілген қызметтер бойынша растайтын құжаттардың болмауы (Астана қ.), жер кадастры бағыты бойынша көрсетілген қызметтер бойынша сметалардың болмауы (Шымкент қ.); сметаларды әзірлеу кезіндегі бұзушылықтар (Алматы қ., ШҚО); МЖК ААЖ (Алматы қ.) кадастрлық картасы деректерінің өзекті болмауы; жер кадастры бағыты бойынша қызметті автоматтандырудағы ескертулер (Алматы қ.)).

Ішкі аудит қызметі келесі себептер бойынша Астана қаласында және Қарағанды облысында аудит жүргізу кезінде жер-кадастрлық жұмыстарға ақы төлеудің кесімді жүйесінің жетілмегендігін көрсетті:

1) Мемлекеттік корпорацияның ішкі нормативтік құжаттарында жұмыс көлемдерін жұмыскерлер мен жер-кадастрлық жұмыстар бойынша келіп түскен өтінімдер арасында бөлу рәсімі регламенттелмеген;

2) Мемлекеттік корпорацияның ішкі нормативтік құжаттарында, оның ішінде жұмыскерлерге еңбекақы төлеу қағидаларында жер кадастры желісі бойынша еңбектің кесімді-сыйақылы жүйесі нормативтерінің негіздемесі, есептеулері және толық жазылуы (пайызбен көрсету) жоқ.

Осы саладағы үстемеақыларды есептеу мәселесінің реттелмеуі Мемлекеттік корпорацияның қаржылық шығындарына ғана емес, жұмыскерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық әрекеттерге де әкеп соғады.

Осындай жағдай Астана қаласында да белгіленді, онда басшының жұмыстардың едәуір көлемі бөлінген белгілі бір жұмыскерлерге деген ниеттес қарым-қатынасы орын алды. Осындай ниеттес қарым-қатынастың салдарынан басқа жұмыскерлермен салыстырғанда, кесімді еңбекақының айырмашылығы 384 мың теңгеден 1 609 мың теңгеге дейін жетті, бұл басшылық тарапынан өзі үшін де, белгілі бір жұмыскерлер үшін де қосымша пайда алуға ықтимал мүдделілік туралы куәландырады.

Жер кадастры саласындағы еңбекақы төлеудің кесімді жүйесінің жетілмегендігі өзге де бұзушылықтардың жасалуына себеп болып табылады, олардың ішінде:

1) жер кадастрының бағыты бойынша көрсетілген қызметтер бойынша сметаларды қайта есептен шығару;

2) көрсетілген қызметтердің құнын негізсіз арттыру;

3) көрсетілген қызметтер бойынша растайтын құжаттардың болмауы;



4) жер кадастры бағыты бойынша көрсетілген қызметтер бойынша сметалардың болмауы.

Сондай-ақ мемлекеттік жер кадастры саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес, өрескел бұзушылықтар дәрежесіне жататын бұзушылықтар анықталды:

- 1) *сметаларды әзірлеу кезіндегі бұзушылықтар;*
- 2) *МЖК ААЖ кадастрлық картасы деректерінің сәйкес келмеуі, өзекті еместігі;*
- 3) *жер кадастры бағыты бойынша қызметті автоматтандырудағы ескертулер.*

#### **Персоналды басқару және кадр жұмысы саласын талдау:**

Аталған кезеңде Мемлекеттік корпорацияның тіркеу және жер кадастры бөлімдерінің жұмыскерлеріне 732 тәртіптік жаза қолданылды, оның ішінде 2021 жылы - 365 (ескерту - 182, сөгіс - 147, қатаң сөгіс - 36), 2022 жылы - 366 (ауызша ескерту - 1, ескерту, ескерту – 219, сөгіс – 102, қатаң сөгіс – 44).

Бұл ретте, Кадрлық әкімшілендіру департаментінің деректеріне сәйкес, Мемлекеттік корпорация филиалдарында жұмыскерлерге жіберілген бұзушылықтар фактілері бойынша ҚР Еңбек кодексінде көзделмеген тәртіптік жазалар (ауызша ескерту, ескертулер) қолданылады.

310 тәртіптік жаза немесе жалпы санның 42% басшы қызметкерлерге қолданылғын, оның ішінде: 251 – басшыларға, 59 – орынбасарларына.

Басшы қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке жиі тартудың себептері жетекшілік ететін бөлімдердің жұмысын тиісінше бақыламауы, қарамағындағылардың қателіктер жіберуі, кірістер жөніндегі жоспардың орындалмауы болып табылады, ал өзге де жұмыскерлерді тәртіптік жауапкершілікке жиі тартудың себептері жер кадастры саласында мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі лауазымдық міндеттерді тиісінше орындамауымен, қателіктер жіберумен, мерзімдерді бұзуымен, құжаттарды мұрағатқа беру жөнінде шаралар қабылдамауымен, оларды қарау тәртібін бұзуымен, прокуратура органдары немесе сот және т. б. анықтаған бұзушылықтардың болуымен байланысты болып табылады.

Қолданылған тәртіптік жазалар үлесі бойынша «көшбасшы» өңірлер:

- Түркістан облысы бойынша филиал – 114 немесе 15,6%;
- Жамбыл облысы бойынша филиал – 77 немесе 10,5%;
- Алматы қаласы бойынша филиал – 76 немесе 10,4%.

2021-2022 жылдар кезеңінде барлығы 587 жұмыскер тәртіптік жауапкершілікке тартылған, оның ішінде 101 жұмыскер 2 және одан да көп рет тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Тәртіптік жаза қолдану үшін негіздердің қатарына жер кадастрын жүргізу бойынша бұзушылықтар жатады:

- жоспарлы тексеру жүргізу барысында анықталған жер-кадастрлық істерді қалыптастыру қағидаларын бұзу;
- жерге орналастыру жұмыстарын уақытылы жүргізбеу;





- жерге орналастыру жобасын әзірлеу кезіндегі қателіктер мен бұзушылықтар;
- ҚР МЖК ААЖ базасында сәйкессіздіктерге әкеп соққан қателер;
- жер учаскесін бақылау өлшемін жүргізу кезіндегі бұзушылықтар;
- шекараларды белгілеу жобасын әзірлеу кезіндегі қателіктер.

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін бұзғаны үшін, этикалық нормаларды бұзумен ұштасқан, сондай-ақ адамдардың жұмыс орнына рұқсатсыз кіргені үшін салынған тәртіптік жазаларды ерекше атап өткен жөн.

Мемлекеттік корпорация үшін мұндай бұзушылықтар тек беделді ғана емес, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық, алаяқтық тәуекелдерді де тудырады.

### **Өтініштерді талдау:**

Стратегия және мемлекеттік қызметтерді жетілдіру департаменті ұсынған мәліметтерге сәйкес, 2021-2022 жылдары «Е-Өтініш» платформасы арқылы 475 шағым, 2021 жылы 77 шағым және 2022 жылы 398 шағым келіп түскен, оның ішінде 419 - жеке тұлғалардан және 56 - заңды тұлғалардан, оның 165 немесе 34,74% – Мемлекеттік корпорацияның Орталық аппараты қараған. Шағымдардың ең көп саны Шымкент қаласы бойынша филиалға түскен – 57 шағым немесе 12,00 %, Алматы облысы бойынша филиалға 49 шағым немесе 10,32%, сондай-ақ Түркістан облысы бойынша филиалға және Алматы қаласы бойынша филиалға 31 және 30 шағымнан келіп түскен, тиісінше немесе 6,53% және 6,32 %. Жаңадан құрылған Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарында шағымдардың ең аз саны - бір шағымнан, Ақтөбе және Маңғыстау облыстары бойынша филиалдарға үш шағымнан келіп түскен.

Шағымдарды қарау нәтижелері бойынша Мемлекеттік корпорация 214 қолайлы әкімшілік актіні (шағымдарды толық көлемде қанағаттандыру) немесе жалпы санының 45,05% қабылдады, 110 шағымды немесе 23,16% қараусыз қалдырған, 104 шағымды немесе 21,89 %, қанағаттандырусыз қалдырған, 42 шағым немесе 8,84 % бойынша әкімшілік іс-әрекет жасалған (*әкімшілік іс-әрекетті жасауда өтініш беруші үшін оң, сондай-ақ теріс іс-әрекет не көрсетілетін қызметті алушылар «Е-Өтініш» платформасында шағым ретінде ресімдеген сұранымға және түсіндірме беруге жауап болуы мүмкін*), 4 шағым немесе 0,84% бойынша бұрын қабылданған әкімшілік актілердің күші жойылған, 1 шағым әкімшілік актіні шығарған әкімшілік органға жіберілген.

Қабылданған қолайлы әкімшілік актілердің ең көп саны қаралған шағымдар санына пайыздық қатынаста Алматы қаласы бойынша филиалда байқалады, онда 30 шағымның 27-сі немесе 90% - ы бойынша қолайлы актілер қабылданған, мұндай жағдай Алматы облысы бойынша филиалында байқалады, онда 49 шағымның 35-і немесе 71,43% - ы бойынша қолайлы актілер қабылданған, сондай-ақ Астана қаласы бойынша, Жамбыл, Атырау, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Павлодар облыстары бойынша филиалдарда қабылданған қолайлы актілердің саны келіп түскен шағымдардың 50%-дан астамын құрайды. Қабылданған қолайлы актілердің ең аз саны тек Шығыс Қазақстан облысында байқалады және келіп түскен шағымдардың жалпы санының 12% құрайды.

Сонымен бірге талдау барысында мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартулар зерттелді. Мәселен, Мемлекеттік корпорацияның Сапаны бақылау департаменті



ұсынған деректерге сәйкес, 2021 жылы электрондық нысанда берілген өтінімдер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың көп саны «электрондық үкімет» порталының (бұдан әрі – ЭҮП) дұрыс жұмыс істемеуінен туындады, 2022 жылы бас тартудың 10 есеге жуық төмендеуі байқалды, себебі қызметтер қағаз нысанда көрсетілген.

Бұл ретте, 2021 жылы Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің кінәсінен саны 2 бұзушылық мөлшерінде қызмет көрсету мерзімдерін бұзу фактілері расталған, қалған мерзімдерді бұзулар бағдарламалық қамтылымның (ХҚКО ИАЖ, ЭҮШ, МЖК ААЖ **ҚДБ**) техникалық іркілістеріне не электр энергиясының болмауына байланысты.

Электрондық нысанда көрсетілген қызметтер бойынша 2021 жылғы бас тартулардың көп саны ЭҮП-тің дұрыс жұмыс істемеуінен басқа, сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігінің бар екендігін куәландыруы мүмкін, себебі қағаз нысанда қызмет көрсетуде құжаттардың толық емес пакетін ұсыну фактісін немесе оларды қабылдау кезінде олардың сәйкессіздігін растау немесе анықтау мүмкін емес, себебі жауапкершілік тек Мемлекеттік корпорация жұмыскерлеріне жүктеледі, бұл ретте адами фактор алынып тасталмайды, ал электрондық нысанда барлық құжаттар тиісті ақпараттық жүйеде бекітіледі және олардың сәйкестігін қажетті уақыт кезеңінде қашықтан тексеруге болады.

### **Мемлекеттік корпорацияның жер кадастры желісі бойынша жұмыскерлерін қылмыстық жауапкершілікке тартуды талдау:**

Талданған және өткен кезеңдерде Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерін мемлекеттік жер кадастры саласындағы құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілері бар.

#### *Анықтамалық:*

- 1) 2017-2018 жылдар кезеңінде Тіркеу және жер кадастры бөлімінің басшысы адамдар тобында бөлім жұмыскерлерімен және жеке тұлғалармен алдын ала сөз байласу бойынша заңды тұлғаға тиесілі 9,0 га жер учаскесін 6 және 12 соттықтан 110 жеке учаскеге заңсыз сегменттеген. Бұдан әрі Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері нөмірлері МЖК ААЖ базасына енгізілген 110 жер учаскесіне жер-кадастрлық істерді қалыптастырған. Жер учаскелері 74 сенімді тұлғаға ресімделген және кейіннен жер учаскесінің орналасуына қарай 1,8-3 млн.теңгеге жосықты сатып алушыларға сатылған. Заңсыз сегменттелген 110 жер учаскесі түрінде алынған табыс өзара бөлінеді. Осылайша, жалпы сомасы 95 544 000 теңгеге аса ірі мөлшерде материалдық залал келтірілген.
- 2) Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру басқармасының басшысы алдау және сенімге қиянат жасау арқылы бау-бақша кооперативінде соңғы жер учаскесін кезектен тыс беруге міндеттеніп, жеке тұлғаның ақша қаражатын иемденген. Өз іс-әрекеттерінің заңды етік көрсету мақсатында, басшы жеке тұлғадан жер учаскесін беруге өтініш алған Алайда, жер учаскесін алуға өтініш тиісті органдарда тіркелмеген, ақша қаражаты қайтарылмаған.

Осылайша, Мемлекеттік корпорацияның басшы лауазымдарды атқаратын жұмыскерлерінің алаяқтық әрекеттерге жол беруге, өздеріне және басқа адамдарға заңсыз материалдық пайда алу мақсатында өздерінің қызметтік жағдайын құқыққа қайшы пайдалануға, сондай-ақ «МЖК ААЖ» ақпараттық жүйесіне жеке өзі де, бағынысты жұмыскерлер арқылы да дұрыс емес деректерді енгізу арқылы жасалған қылмыстардың іздерін жасыруға мүмкіндігі бар.

Алматы қаласының әкімдігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен (бұдан әрі – Антикор) бірлесіп, қаланың жер және қала құрылысы салаларындағы сыбайлас



жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізді. Антикорда Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп, қаладағы қала құрылысының барлық кезеңдерінде тәуекелдер анықталғанын атап өтті.

Тәуекелдердің бірі – құрылыс саласындағы мемлекеттік қызметтерді үстіртін цифрландыру. Электрондық форматта құжаттарды қабылдау процесі ғана қамтылған. Анық емес рәсімдердің салдарынан «көмекшілер-міс» нарығы пайда болды.

Талдау барысында 229 гектар жерді тұрғын аймақтан рекреациялық аймаққа қайтару бойынша ұсынымдар берілді, сондай-ақ жерді рекреациялық аймақтан тұрғын үйге ауыстырудың ерекше тәртібін белгілеу ұсынылды.

Барлық сыбайлас жемқорлық фактілері тіркеліп, тексерілуде. Жалпы шығыны 800 млн. теңгеге сегіз қылмыстық іс қозғалды.

Жер кадастры саласындағы бұзушылықтар жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардың күмәнді шешімдері негізінде жер учаскелерімен байланысты тіркеу іс-қимылдарын жүргізетін Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері тарапынан енжарлық салдарынан болады.

### **3. Қорытынды**

Осылайша, Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік жер кадастры саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдердің мынадай индикаторлары анықталды:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде пайдаланылатын, белгіленген тәртіптің бұзылуына әкеп соғатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі;

2) ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде мемлекеттік қызмет көрсету процестерін «қолмен түзету» мүмкіндігі - деректерді «қолмен» режимінде енгізу мүмкіндігі;

3) мемлекеттік қызмет көрсетуді реттейтін құқықтық актінің өте ұзақ қабылдануы;

4) растайтын немесе қажетті құжаттарсыз мемлекеттік қызметтер көрсету;

5) мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін бұзу;

6) құқықтық актілерде көзделмеген құжаттарды талап ету (мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту фактілері бар).

### **4. Анықталған тәуекелдер**

Жер кадастры саласындағы сот практикасын талдау, ішкі аудиторлық тексерулерді, тіркеу және жер кадастры бөлімдері жұмыскерлерінің тәртіптік бұзушылықтарын талдау нәтижелері бойынша, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, мынадай тәуекелдер анықталды:

1) Мыналар:

- өңірлер бөлінісінде бақылау іс-шараларын, бұзушылықтар түрлерін, қолданылатын санкцияларды талдау бойынша жұмыстың болмауы немесе жеткіліксіздігі;





- тәжірибеде проблемаларды анықтау және оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі шаралардың болмауы;

- квазимемлекеттік сектор субъектісінің орталық аппараты тарапынан әдістемелік ұсынымдар, нұсқаулықтар, нұсқаулар жіберу, өзге де түсіндіру және оқыту іс-шараларын жүргізу және т. б. арқылы әдіснамалық сүйемелдеудің болмауы факторлары болып табылатын бақылау-тексеру функцияларын іске асыруды жүзеге асыру кезінде жұмыскердің өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда табу мақсатында лауазымдық өкілеттіктерін пайдалану тәуекелі;

## 2) Мыналар:

- мемлекеттік қызметтер көрсетудің нақты процестерінің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, оның ішінде қызметтер көрсету мерзімдерін бұзудың, құқықтық актілерде көзделмеген құжаттарды талап етудің жүйелі фактілері, қызметтер көрсету рәсімдерінің тәртібін бұзу фактілері (Мемлекеттік корпорацияға ұсынылған және талапкерлердің пайдасына қанағаттандырылған талап-арыздарға сәйкес);

- белгіленген тәртіптің бұзылуына әкеп соқтыратын, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі (МЖК ААЖ-да дұрыс емес деректер фактілерінің болуы);

- ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде мемлекеттік қызмет көрсету процестерін «қолмен» түзету мүмкіндігі факторлары болып табылатын, өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда алу мақсатында, құжаттардың толық емес немесе сәйкес келмейтін топтамасын қабылдау не оның қабылдау сәтінде сәйкес келмеуі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсетуден негізсіз бас тарту тәуекелі:

## 3) Мыналар:

- құқықтық акт немесе ішкі құжат талдау объектісінің лауазымды адамының шешім қабылдауының толық негіздері мен тәртібін белгілемеуі;

- лауазымды адамдардың шешімдер қабылдауы немесе өзге де әкімшілік рәсімдерді орындауы үшін негіздердің болмауы немесе белгісіздігі (Мемлекеттік корпорацияның пайдасына шығарылмаған сот шешімдеріне шағымдану бойынша бірыңғай практика жоқ);

- лауазымды адамның және/немесе талдау объектісінің өз қалауы бойынша жеке және заңды тұлғалармен құқықтық қатынастардың туындауына бастамашылық жасау, оларды тиісті уәждемесіз өзгерту немесе тоқтату, заңнаманы өз қалауы бойынша орындамағаны үшін жауапкершіліктің түрі мен мөлшерін айқындау мүмкіндігі (медиативтік келісімдер жасасу бөлігінде) факторлары болып табылатын, лауазымды адамдардың шешімдер қабылдауы немесе өзге де әкімшілік рәсімдерді орындауы кезінде дискрециялық өкілеттіктердің кендігі тәуекелі:

## **5. Жер кадастры саласындағы сот практикасын талдау қорытындысы талдау нәтижелері бойынша ұсыныстар**

Жер кадастры саласындағы сот практикасына жүргізілген талдау қорытындылары бойынша мынадай ұйымдастыру шараларын қабылдау қажет:

### 5.1. Құқықтық қамтамасыз ету департаменті:



1) жыл сайынғы жұмыс жоспарына мемлекеттік жер кадастры саласындағы Мемлекеттік корпорацияның қанағаттандырылған талаптары бойынша, оның ішінде филиалдардың медиативтік келісімдер жасасуының негізділігі бойынша сот практикасын жинақтау мен талдауды енгізісін;

2) сот шешімдеріне міндетті түрде шағым жасауды қоса алғанда, сот органдарында Мемлекеттік корпорацияның мүдделерін қорғау жөніндегі бірыңғай тәсілдерді әзірлесін;

3) Жер кадастры және мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі басқармасымен бірлесіп, ҚР қолданыстағы заңнамасын түсіндіре отырып, даулы мәселелер бойынша консультациялық көмекті жақсартуды қоса алғанда, Мемлекеттік корпорация филиалдарының дауларды сотқа дейін реттеу жөніндегі жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізісін.

5.2. Кадрлық әкімшілендіру департаменті Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен бірлесіп:

1) сот талап-арыздарын қанағаттандырған және Мемлекеттік корпорация қызметінде бұзушылықтар анықталған азаматтық және әкімшілік істерді қарау қорытындылары бойынша қызметтік тергеп-тексерулер жүргізуді, жол берілген бұзушылықтардың мән-жайларын айқындауды және оларға жол берген кінәлі адамдарды жауапқа тартуды ұйымдастырсын;

2) заң қызметтері жұмыскерлерінің КРІ-ге сот практикасының нәтижелілігін қосу мүмкіндігін қарастырсын;

3) талап-арыз беру жұмысының рәсімін регламенттейтін ішкі нормативтік құжатты әзірлесін.

5.3. Ішкі қауіпсіздік департаменті «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Алматы қаласының Жер ресурстарын басқару департаменті» РММ талап-арызы бойынша азаматтық істің материалдарын Мемлекеттік корпорацияның жауапты жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық және алаяқтық әрекеттеріне тексеру жүргізу үшін уәкілетті органдарға берсін.

**Мемлекеттік корпорацияның аудиторлық тексерулерінің қорытындылары бойынша ұсынымдар:**

5.4. Ішкі аудит қызметі:

1) сыбайлас жемқорлық және/немесе алаяқтық құқық бұзушылық белгілері бар бұзушылықтар анықталған жағдайда, материалдарды құқық қорғау органдарына жолдау мәселесін шешу үшін материалдарды Комплаенс бақылау қызметіне және Ішкі қауіпсіздік департаментіне берсін.

**Тіркеу және жер кадастры бөлімдері жұмыскерлерінің тәртіптік бұзушылықтарын талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар:**

5.5. Талдау көрсеткендей, бұзушылықтар санын азайту үшін кадрлық әкімшілендіру және HR саласында жүйелі шаралар қабылдау қажет, соның ішінде:

1) HR сараптама және персоналды дамыту департаменті Мемлекеттік корпорацияның жер кадастры саласындағы функцияларды орындауды жүзеге асыратын филиалдарының барлық жұмыскерлерінің жер кадастры және қызметтер



көрсету саласындағы заңнаманы білуге жыл сайынғы оқытудан, сондай-ақ тестілеуден өтулерін ұйымдастырсын;

2) HR сараптама және персоналды дамыту департаменті Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен, Жер кадастры және мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі басқармасымен бірлесіп, көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, заңнамадағы инновациялар бойынша семинарлар мен жалпыға бірдей оқытуды өткізу және құқық қолдану тәжірибесін түсіндіру кестесін жасасын.

#### 5.6. Кадрлық әкімшілендіру департаменті:

1) тәртіптік жауаптылыққа бірнеше рет тартылған жұмыскерлерге қатысты олардың атқаратын лауазымына сәйкестігі тұрғысынан негізделген шешім қабылдасын;

2) кейінгі жаза алдыңғыға қарағанда қатаң болып табылатын бірыңғай тәртіптік жаза қолдану практикасын әзірлесін;

3) Мемлекеттік жер кадастры саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес бұзушылықтардың сипатын ескере отырып, жер кадастры саласындағы тәртіптік жазалардың түрлерін айқындау практикасын және ҚР заңнамасының жер кадастры саласындағы бұзылған нормаларына сілтемелерді қайта қарасын;

4) бұйрықтарды ресімдеу (жазаны қолдану себебін дұрыс көрсету) бөлігінде біркелкі тәсілді қолдана отырып, жұмыскерлерге қолданылатын тәртіптік жазалардың толық есебін қамтамасыз етсін.

#### **Өтініштерді талдау нәтижелері бойынша ұсынымдар:**

1) қолайлы актілерді қабылдауға негіз болған себептер мен жағдайларды толық көрсетпеу бөлігінде анықталған кемшіліктер ескерілсін және олардың «Е-Өтініш» платформасының тиісті деректерінде көрсетілуін қамтамасыз етсін;

2) құжаттар топтамасын толық ұсынбауға не оның қағаз нысанға сәйкес келмеуіне байланысты ықтимал сыбайлас жемқорлық және алаяқтық факторларды болдырмау, негізсіз бас тарту мүмкіндігін болдырмау, сондай-ақ Мемлекеттік корпорация жұмыскерлеріне бақылауды күшейту үшін электрондық нысанда қызметтерді қабылдау және көрсету мақсатында, ЭҮП пысықтау туралы ұсыныс енгізілсін.

#### **БМЖМК енгізу кезінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық фактілерін анықтауды автоматтандыру бойынша ұсынымдар:**

1) Комплаенс бақылау қызметімен келісілген индикаторларды («қызыл жалаулар») ескере отырып, БМЖМК АЖ-да сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықты тексеру мен анықтаудың, алдын алудың автоматтандырылған процесі әзірленіп енгізілсін.